

Түркістан облысының
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ
директорының
2024 жылғы «05» 03
№ 87 Н/б бұйрығына қосымша

Облыстық «ҮЗДІК IT ҰСТАЗ» турнирін ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже облыстық «ҮЗДІК IT ҰСТАЗ» турнирін (бұдан әрі - Турнир) өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын реттейді.

1.2 Бұл турнир қазіргі заманға сай IT білім мен цифрлық сауаттылықты дәріптеуге, мектеп деңгейінен компьютерлік бағдарламалауды үйрететін, пәндік олимпиадалық есептерді шыгару мен алгоритмдік бағдарлама құруға арналған үздік ұстаздарды анықтайтын жарыс түрі.

1.3 Турнир өз қызметінде КР Конституциясын, «Білім туралы» заңын, «Педагог мәртебесі» туралы заңын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысын, білім беруді дамыту орталығының Жарғысын басшылыққа алады.

1.4 Турнир Түркістан облыстық білім беруді дамыту орталығының (бұдан әрі - Орталық) жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.5 Бұл ереженің қолданылу мерзімі 2025 жылдың 30 мамырына дейін.

2. ТУРНИР МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ

2.1 Турнир мақсаты:

- информатика пән мұғалімдерінің білімін тереңдету және жаңа цифрлық контенттерді игеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, мұғалімдердің кәсіптік бағдарлануына қызығушылықты арттыру.

2.2 Турнир міндеттері:


- педагогтердің кәсіби шеберлігін көтеру;
- озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
- педагог мамандығының имиджін дұрыс қалыптастыру.

2.2 Турнир принциптері:

- ашықтық;
- әділдік;
- сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

3. ТУРНИРДІ ҰЙЫМДАСТАЫРУ ОРГАНДАРЫ

3.1 Ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық білім беруді дамыту орталығы директорының бұйрығы негізінде ұйымдастыру



комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті). Ұйымдастыру комитетінің құрамына білім беруді дамыту орталығының директоры, директордың оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, кафедра жетекшілері, орталық қызметкерлері кіреді.

3.2 Орталықтың директоры турнирді ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады.

3.3 Ұйымдастыру комитеті:

3.3.1. Турнир өткізу нысанын, тапсырмалардың түрлерін және бағалау өлшемдерін айқынайды;

3.3.2. Турнирдің өткізілуін тікелей басқаруды жүзеге асырады;

3.3.3. Турнир ғылыми-әдістемелік деңгейде өтуі үшін санаттар бойынша қазылар алқасы құрамын анықтайды, қазылар алқасы мүшелерінің құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

3.3.4. Турнир қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, қазылар алқасының қорытындысы бойынша бұйрықтар мен шешімдердің жобаларын дайындауға қатысады, есеп береді.

4. ТУРНИРДІҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1 Қазылар алқасы: төрағадан (төрайымнан), хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының төрағасы (төрайымы) мен мүшелерін орталықтың директоры (Ұйымдастыру комитетінің төрағасы) бекіtedі. Қазылар алқасының құрамына ЖОО оқытушылары; біліктілікті арттыру орталықтарының мамандары; тәжірибелі педагогтер; халықаралық және республикалық турнирлердің, сайыстардың женімпаз атанған педагогтері; жоғары біліктілігі бар білім беруді басқару органдарының өкілдері кіреді (келісім бойынша).

4.2 Қазылар алқасының міндеттері:

4.2.1. Ұйымдастыру комитетіне турнир қорытындысы туралы есеп тапсырады;

4.2.2. Ұйымдастыру комитетіне женімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;

4.2.3. Турнир қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді;

4.2.4. Женімпаздарды анықтайды және Ұйымдастыру комитетіне жүлделі орындарды тағайындау үшін ұсыныстар береді;

5. ТУРНИРДІ ҰЙЫМДАСТАҮРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Турнирді өткізу

Турнир әр ай сайын 2-кезеңнен және соңғы қорытынды жылдық кезеңнен тұрады:

1-кезең - айлық іріктеу кезеңі;

2-кезең - айлық қорытынды кезеңі

3-кезең - жылдық қорытынды кезеңі.

5.1.1. Айлық іріктеу кезеңі

- Әр айдың 20-на қарай форматта Астана уақытымен сағат 14:00-де олимпиадалық есептерді тексеру платформаның бірінде (esep.cpfed.kz, [codeforces](http://codeforces.com), не



yandex.contest) 2-сағаттық контест түрінде жүргізіледі. (Контест - программалауға арналған есептердің шешімдерін тексеретін онлайн платформаның жарысын айтады.)

5.1.2. Айлық қорытынды кезеңі

- іріктелу кезеңнен онлайн контесттен жоғарғы бал жинаған үздік 30 қатысушыны сол айдың соңғы жұмасында Түркістан қаласында, алдын-ала дайындалған мектеп базасына шақырылып, сағат 14:00-де айлық қорытынды кезеңі екі сағаттық оффлайн-контест үйімдастырылады. (Егер, болатын күні, не басталу уақыты, не өткізілетін орны өзгертулген жағдайда, орталықтың әлеуметтік желілерінде бөлісетін болады).

- Айлық қорытынды кезеңде жоғары нәтиже көрсеткен үздік 3 қатысушыға сәйкесінше I, II, III орындар тағайындалады. Сонымен қатар ауылдық квота негізінде тек ауыл ұстаздары арасынан ең жоғары балл жинаған 1 ұстазға III орын беріледі. Осы жеңімпаздар актық кезеңге, яғни жылдық қорытынды кезеңге шақырылатын болады.

- I орын - айлық жеңімпаз;
- II, III орын - айлық жеңімпаздар деп аталады.

5.1.3 Жылдық қорытынды кезеңі

- Эр айдағы турнирдің айлық қорытынды кезеңде жоғары нәтиже көрсеткен қатысушыға мүмкіндік беріліп, желтоқсан айында жылдық кезеңге шақырылады.

- Жылдық қорытынды кезеңде ең жоғары балл жинаған мұғалімге «ҮЗДІК IT ҰСТАЗ» атағы беріледі.

- II, III орын иелерін сәйкесінше жылдық қорытынды кезеңнің жеңімпазы атанады;

- белсенді қатысушыларға түрлі номинациялар табысталады.

5.2 Контесттерді үйімдастыру

- Эр кезеңде тапсырмалар программалау мен алгоритмге арналған 5 есепten тұратын екі сағаттық контест түрінде болады. Есеп шешімдерін тексеруге мүмкін болатын онлайн-платформаның бірінде (яғни esep.cpfed.kz, codeforces, yandex.contest) жүреді.

- бүкіл есептер олимпиадалық форматта және қазақ тілінде беріледі.

- есеп шешімдерінің бағалануы IOI форматында (IOI - International Olympiads of Informatics) тексеріледі. Яғни, әр есептің шешімін тексеру үшін бірнеше тесттер құралып, және толық сол тесттерді қанағаттандырған жағдайда ғана 100 баллдық нәтиже шығады. Ал тек кейбір тесттерді ғана қанағаттандырса, соған сәйкес балл беріледі.

- әр кезеңдегі контест 5 есеп үшін максималды 500 баллды құрайды.

- есептерді шығару үшін кез-келген программалау тілін (c++, pascal, python, java, php, js секілді) қолдануға болады.

5.3 Ескерілетін жайттар

- іріктеу кезеңіне барлық қатысушыға тендей мүмкіндік беріліп, шексіз рет қатыса алады. Бірақ ақтық кезеңге жолдама алып қойғандар айлық қорытынды кезеңге шақырылмайды.

- әрбір қатысушының жұмыстары арнағы платформада автоматты түрде тексерілетін болғандықтан, онда плағиатқа, өз атынан басқаның кіруі қатаң қадағаланады, яғни әрбір IP – адрес арқылы көрініп отырады. Егер де ондай жағдай орын алса, турнирден шығарылып, шеттетіледі.

- турнир штаттық режимде (яғни санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды сақтай отырып, бүкіл қорытынды кезеңдер оффлайн түрінде) өткізіледі.

6. ТУРНИРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

-турнирге қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей тіркелуі, келуі тиіс;

-турнир кезінде әдеп нормаларын сақтауы қажет;

-қатысушыларға аудиторияға үялды телефонмен кіруіне тыйым салынады;

-қатысушылар турнир үйимдастырушылары мен қазылар алқасының келісімінсіз суреттер мен бейне таспаға түсіруіне болмайды:

7. ТУРНИРДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

• турнирдің жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен I орын (біреу), II орын (біреу), III орын (екеу) дәрежелі дипломдармен марапатталады.

• турнирді дайындауға және өткізуге белсенді қатысқан білім беру үйимдарының жауапты педагогтері “Алғыс хатпен” марапатталады.

• турнирдің жеңімпаздары айлық және жылдық кезең соңында марапатталады.

8. ТУРНИРГЕ ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

• “ҮЗДК ИТ ҰСТАЗ” турниріне қатысу үшін әр айдың 19-на дейін сілтеме арқылы сұраныс беріп, тіркелу қажет.

• Турнирге тіркелу сілтемесі: <https://forms.gle/kxaYpKz0MzRoyK656>

• Платформаға тіркелу нұсқаулығы:

<https://youtu.be/Jl1bpXIa1YE?feature=shared>

9. КҮТІЛЕТИН НӘТИЖЕ

Пән мұғалімдері жаңа цифрлық контенттерді игеру арқылы кәсіптік бағдарлау құзіреттілігін дамытады, педагог мәртебесі арттырылады. ИТ саласының үздік мамандары анықталады, озық тәжірибелері таратылады.

Нұржанова К.



Саипов Д.

Мавленов Н.

Тұрғанбек Н.

